ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Мұнай өнімдері
МОТОРЛЫҚ ОТЫННЫҢ ТҰТАНУҒА ҚАРСЫ ҚАСИЕТТЕРІН АНЫҚТАУ

ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ

Нефтепродукты
ОПРЕДЕЛЕНИЕ АНТИДЕТОНАЦИОННЫХ СВОЙСТВ МОТОРНОГО ТОПЛИВА

ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ МЕТОД

ҚР СТ ИСО 5164-2008

(ISO 5164:2005 Petroleum products – Determination of knock characteristics of motor and aviation fuels (IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия мен сауда министрлігінің Техникалық реттеу мен метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Мұнай өнімдері

МОТОРЛЫҚ ОТЫННЫҢ ТҰТАНУҒА ҚАРСЫ ҚАСИЕТТЕРІН АНЫҚТАУ

ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ

ҚР СТ ИСО 5164-2008

(ISO 5164:2005 Petroleum products – Determination of knock characteristics of motor and aviation fuels (IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия мен сауда министрлігінің Техникалық реттеу мен метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы негізінде стандарттау жөніндегі ТК 65 «Автомобиль көлігі» техникалық комитеті **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2008 жылы 30 желтоқсандағы № 674-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ISO 5164:2005 «Petroleum products - Determination of knock characteristics of motor fuels - Research method» (ИСО 5164:2005 «Мұнай өнімдері. Автомобиль және авиациялық отынның тұтануға қарсы қасиетін анықтау. Зерттеу әдісі») халықаралық стандартына қарай сәйкестендірілген.

Ағылшын тілінен (en) аударылды

Сәйкестік дәрежесі – балама (IDT).

Осы стандартты қолдану барысында сілтеме халықаралық (өңірлік) стандарттардың орнына, мәліметтері А қосымшасында берілген, оларға сәйкестендірілген мемлекеттік және (немесе) мемлекетаралық стандарттарды қолдану ұсынылған.

ИСО 5164:2005 халықаралық стандартының «Қолданылу саласында» бар Сынау әдістерінің қауіпсіздігі бойынша ескертулер В қосымшасындағы «Қауіпсіздік» бөлімінде қосымша келтірілген

Қазақстан Республикасы экономикасының мүддесі мен Қазақстанның мемлекеттік стандарттау ерекшеліктері үшін осы стандарт мәтініне енгізілген қосымша материалдар, сондай-ақ ИСО 5164:2005 стандартынан өзгеше құрама элементтері мәтінде көлбеу қаріппен ерекшеленген.

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2013 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандарттағы өзгертулер жайлы мәліметтер «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» сілтемесінде, ал мәтіні – айлық «Мемлекеттік стандарттар» мәліметтік сілтемесінде жарияланады. Берілген стандартты қайта қарау (жою) немесе өзгерткен жағдайда сәйкес ақпарат «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады.

Осы стандарт ресми басылым ретінде Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз толықтай немесе жартылай шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	2
3	Терминдер мен анықтамалар	2
4	Әдіс негізі	3
5	Реактивтер мен материалдар	4
6	Құралдар	5
7	Сынау іріктеу және сынауға үлгілерді дайындау	6
8	Қозғалтқыштар мен құралдардың негізгі реттегіштер және пайдаланудың стандартты шарттары	6
9	Қозғалтқышты бөліктеу мен жарамдылығын тексеру	11
10	Әдістеме	13
11	Есептеу	15
12	Нәтижелерді өңдеу	16
13	Дәлдік	16
14	Сынау хаттамасы	18
15	Қауіпсіздік	18
	А қосымшасы (анықтамалық) Мемлекеттік стандарттардың сілтеме халықаралық өңірлік стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер	19

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Мұнай өнімдері

МОТОР ОТЫНЫНЫҢ ТҰТАНУҒА ҚАРСЫ ҚАСИЕТТЕРІН АНЫҚТАУ ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ

Енгізілген күні 2009-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылып жатқан автокөліктік және авиациялық отынның тұтануға төзімділігін анықтау әдісі «ASTM International» компаниясы ASTM D 2699-01a Стандартты сынау әдісі ретінде жариялаған. Жабдықтарға қатысты ақпарат ASTM D 2699-01a алты толықтыру мен үш қосымша, Annual Book of ASTM Standards, Section 5[1)] берілген.

Осы стандарт тұрақты жылдамдықпен жұмыс істеп жүрген қысылудың айнымалы дәрежелі, бір цилиндрлі, төрт тактілі, карбюраторлы CFR қозғалтқышын қолдана отырып, октанды сандардың еркін шкаланың көмегімен жалынды от алатын қозғалтқыштардың сұйық отындарының номиналды сипаттамасын бекітеді. Зерттеушілік октанды сан (RON) пайдаланудың қалыпты шарттарында автокөліктік қозғалтқыштарда моторлы отындардың тұтануға қарсы ерекшеліктерінің критерийін қарастырады.

1 ескерту - CFR типті қозғалтқыштардың, оларға бақылау-өлшеу аспаптарының негізгі өндірушісі және оларды жүзеге асыру мен техникалық қызмет көрсету бойынша мүдделі ұйым Waukesha Engine, Dresser, Inc. Мекемесі болып табылады, ол 1000 West St. Paul Avenue, Waukesha, WI 53188, USA мекен-жайы бойынша орналасқан

2 ескерту - УИТ типті қозғалтқыштар Савеловскінің машинажасау зауытымен шығарылады және жеткізіледі, оның мекен-жайы: Ресей, 171510, Тверск облысының Кимры қ., 50 жыл ВЛКСМ, 101 үй, 1 г. (ГОСТ Р 52946-2008 қараңыз).

Осы стандарт 0 RON-нан 120 RON-ға дейінгі шкала ауқымына арналған, бірақ жұмысшы ауқым 40 RON - 120 RON шегінде орналасқан. Типті моторлы отынды сынау 88 RON-нан 101 RON-ға дейінгі ауқымда өткізілді.

Осы стандарт қышқылдағышпен байытылған, құрамында 4,0 %-ға дейін (көлемі бойынша) оттегісі бар отындарға арналу мүмкін.

CFR қозғалтқышы бар жерде орналасуы мүмкін ауаны желдету жабдықтарында қолданылатын белгілі газдар мен булар, мысалы, құрамында галогені бар хладагенттер, RON-ға өлшенетін әсер етуі мүмкін. Сонымен бірге RON мәніне белгіленбеген кернеудің немесе электр тогының ағыны немесе ақаулары әсерін тигізу мүмкін.

1 Ескертпе - Осы стандарт ӨҚ бірлігінде жұмыстық шарттарды орнатады, бірақ, қозғалтқыштарға жататын өлшеулер дюйм-фунт бірлігінде келтіріледі, өйткені берілген өлшеу бірліктері нұсқауланған жабдықтарды жасағанда қолданылады, және сондықтан да берілген стандарттағы сілтемелер, дөңес жақшамен келтірілген, осы бірліктерден құралады.

2 ескертпе Осы стандарттың мақсаттарына қарай, "% (масса бойынша)" және "% (көлем байынша)" белгіленулер материалдың сәйкесінше салмақтық және көлемдік үлесін білдіреді.

[1)] Осы стандарттың көшірмесін тікелей баспадан келесі мекен-жай бойынша алуға болады: ASTM International, 100 Barr Harbor Drive, West Conshohocken, PA 19428-2959, USA, telephone: + 1 610-832-9585, fax: + 1 610-832-9555, e-mail: @astm.org, website: gost.e-ecolog.ru

[2)] *Сынау кезіндегі қозғалтқыш жылдамдығы (600±6) айн/мин құрайды.*

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мына нормативтік құжаттар міндетті болып табылады. Күні белгіленген сілтемелер үшін тек мәтін бойынша сілтеме басылым қолданады. Күні белгіленбеген сілтемелер үшін нормативтік сілтенген құжаттың ең соңғы басылымын (оның кез-келген түзетулерімен қоса) қолдану қажет.

ҚР СТ 1.9-2007 Халықаралық, өңірлік және шетел мемлекеттерінің ұлттық стандарттарын, өзге де стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды Қазақстан Республикасында қолдану тәртібі.

ҚР СТ ИСО 3170-2006 (ИСО 3170-2004, IDT) «Мұнай және мұнай өнімдері. Сынамаларды қолмен іріктеу әдісі»

ҚР СТ ИСО 3171:2007 «Мұнай өнімдері. Сұйық көмірсутектері. Құбыржолдарынан автоматты түрде сынамаларды іріктеу»

ГОСТ 21743-76 Авиациялық майлар. Техникалық шарттар.

ASTM D 2299-01a, Жалынды от алу қозғалтқыштары үшін отынның моторлы октавты санын анықтауға стандартты сынау әдісі

ISO 3170:2004 «Сұйық мұнай өнімдері. Сынамаларды қолмен іріктеу»

ISO 3171:1998 «Сұйық мұнай өнімдері. Сынамаларды құбыржолдарынан автоматты түрде іріктеу»

ISO 3696:1987 «Зертханалық талдауға арналған су. Техникалық талаптар және сынау әдістері»

ISO 4787:1984, «Зертханалық шыны ыдыс. Өлшемді шыны ыдыс. Қолдану және сыйымдылықты бақылау әдістері»

ГОСТ Р 52947-2008 (ЕН ИСО 5164-2005) Мотор майларының тұтанғыштық қасиеттерін анықтау. Зерттеу әдісі[1)]

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта мынадай терминдер мен сәйкес анықтамалар қолданылады.

3.1 **Бақылау отыны (check fuel):** Берілген сипаттамалары бар, әр түрлі зертханаларда көп қозғалтқышты жабдықтарды шеңберлік салыстыру барысында анықталған RON бекіткен эталонды мәні бар отын.

3.2 **Цилиндр биіктігі (cylinder height):** Жоғарғы өлі **нүктедегі** (t.d.c.) немесе кратердің жоғарғы механикалық өңделген бетіндегі піспекке қатысты CFR қозғалтқышы цилиндрінің тігінен орналасуы.

3.3 **Индикатор шкаласының көрсетуі (dial indicator reading):** Қозғалтқыш берілген қысу қысымын алу үшін орнатылған қысу дәрежесінде жұмыс істеген кезде, негізгі реттегішпен индексациялаған цилиндр биіктігінің сандық мәні.

Ескертпе Циферблатты сілтегіштің көрсетуі дюймнің мыңдық үлесінде беріледі.

3.4 **Цифрлық санауыштың көрсетуі (digital counter reading):** Қозғалтқыш берілген қысу қысымын алу үшін орнатылған қысу дәрежесінде жұмыс істеген кезде, негізгі реттегішпен индексациялаған цилиндр биіктігінің сандық мәні.

3.5 **Тұтануды өлшегіші (detonation meter):** Тұтандырғыш бергішінен электр сигнал алатын және оқу үшін шығыс сигналын бейнелейтін тұтану белгісін алуға арналған құрал.

3.6 **Тұтану бергіші (detonation pickup):** Жану камерасының қысымын анықтау мен цилиндр қысымының электр сигналының өзгеру жылдамдығына пропорционал электр сигналды қамтамасыз ету үшін қозғалтқыш цилиндріне жаншып кіретін магнитострикциялық типті түрлендіргіш.

[1)] *ҚР СТ 1.9 сәйкес қолданылады*

3.7 **От алу режимі (firing):** от алудан отында қозғалтқыштың жұмысы.

3.8 **Тұтанудың барынша жоғары қарқындылығы үшін жұмыстық немесе отынды-ауалы қоспа құрамбірліктерінің қатынасы (fuel-air ratio for maximum knock intensity):** Әр отын үшін ең үлкен қарқындылықты беретін отынның ауаға пропорционал қатынасы.

3.9 **Анықтамалық кесте (guide table):** Стандартты тұтану қарқындылығына және берілген барометрлік қысымда жұмыс істеп жатқан CFR қозғалтқышына арналған биіктік пен октавты сан арасындағы айрықша қатынастың кестеде берілген мәліметтері.

3.10 **Тұтану (knock):** Отынды-ауалы қоспаның өздігінен жануымен байланысқан, жиі аңғартатындай дыбыс шығаратын отынның аномалды жануы.

3.11 **Тұтану қарқындылығы (knock intensify):** Қозғалтқыштың тұтану критерийі.

3.12 **Тұтану қарқындылығын бергіш (knock meter):** Тұтану бергішінен тұтану қарқындылығының белгісін беретін 0-ден 100-ге дейінгі шкала бөлімі бар индикаторлы өлшегіш.

3.13 **Жұмыстың моторлы режимі (motoring):** Қозғалтқыштың отынсыз, сөндірілген от алдыруындағы жұмыс.

3.14 **Зерттеушілік октандық сан (research octane number RON):** Отын үшін тұтану кедергісінің сандық номиналды параметрі, ол тұтану қарқындылығын осы стандартта бекітілген шарттарда жұмыс істеп жатқан стандартты CFR қозғалтқышын сынаған кездегі бастапқы эталонды отындардың белгілі зерттеушілік октавты санының тұтану қарқындылығымен салыстыру арқылы алынған.

3.15 **Қышқылдандырғыш (oxygenate):** Құрамында оттегісі бар қосынды, мысалы, отын немесе отынды қосымша ретінде қолданылатын кез-келген спирттер немесе жай эфирлер.

3.16 **Бастапқы эталонды отын (primary reference fuel PRF):** октанды санның мәнін анықтайтын 2,2,4-триметилпентан (изооктан), гептан, гептаны бар изооктанның көлемді пропорционалды құрамы немесе изооктандағы тетраэтилқоғасын құрамы.

3.17 **Шашырау (spread):** Бірлікпен көрсетілген тұтануды өлшегіштің сезімталдығы, тұтану қарқындылығының бергішін октанды санға бөлген кезде алынады.

3.18 **Толуол негізіндегі стандартты отын (toluene standardization fuel blend TSF қоспасы):** RON-ның мүмкіндік бастапқы мәндері мен берілген номиналды шақтамасы бар екі немесе одан да көп заттардың көлемді пропорционалды құрамы, мысалы, эталонды отын, гептан және изооктан сортты толуол.

4 Әдіс негізі

Қозғалтқыш тұтануын күшейтетін жұмыстық қоспа құрамбірліктерінің қатынасында CFR қозғалтқышында немесе *УИТ-85М* қолданылатын эталонды отынды бастапқы эталонды отынның құрамымен тұтануды күшейтетін жұмыстық құрамбірліктердің қатынасы кезінде қолданылатын құрам бірдей қысу дәрежесінде екі отында да бірдей стандартты тұтану қарқындылығын беретінін анықтау мақсатында салыстырады. Бастапқы эталонды отыннан жасалған қоспаның валюметриялық құрамы оның және эталонды отынның октанды санын анықтайды.

[1)] *Бұл жерде және әрі қарай УИТ-85М типті қозғалтқыштарға қатысты ақпарат ГОСТ Р 52947-2008 (ЕН ИСО 5164:2005) негізінде беріледі.*

5 Реактивтер мен материалдар

5.1 **Цилиндр қаптамасына арналған мұздататын қоспа**, ол ISO 3696:1987 стандартының 3 сортына сәйкес келетін судан құралады. Цилиндр қаптамасындағы су зертханада, нәтижелік қайнау температурасы 100 ± 2 °С болатын жерлерінде қолдану керек. Қайнау температураларының талаптарына сәйкес келетін жеткілікті көлемде қосылған гликоль негізіндегі техникалық антифризі бар су, бекітілгендей, сәйкес биіктікте орналасқан зертханаларда қолданылу қажет.

Суды өңдеуге арналған техникалық бірнеше атқарымдық зат мұздату сұйықтығына, жылу берілісін және октавты санды анықтау нәтижесін өзгертуі мүмкін, жегі мен минералды темір қағын минимумға жеткізу үшін қосылады.

5.2 **Карбюратордың мұздату сұйықтығы**, егер қажет болса (8.29 қара), ол судан немесе су мен антифриздің қоспасынан құралады, көпіршіктердің түзілуін болдырмауға жеткілікті мұздатылған, бірақ 0,6 °С-ден суық емес және 10 °С-ден жылы емес болу керек.

5.3 **Қозғалтқыш кратеріне арналған майлау майы**, ол SF/CD немесе SG/CE пайдалану жіктелуіне жауап беретін SAE 30 тұтқырлы май сортынан тұрады.

Ол жуғыш қыстырмадан құралу және 100 °С температурада оның кинематикалық тұтқырлығы 9,3 мм^2/с-нен 12,5 мм^2/с-ге дейін және тұтқырлық көрсеткіші 85-тен төмен емес болу қажет. Тұтқырлық коэффициентін өзгертетін қосымшалары мен қысымдары бар майлар, барлық мерзімді майлау майлары қолданылмау керек.

УИТ-85М қозғалтқыштары үшін ГОСТ 21743 бойынша МС-20 майы қолданылады.

5.4 **Изооктан негізіндегі бастапқы эталонды отын**, құрамында 0,10 % -ден аспайтын гептаны мен 0,5 мг/л –ден аспайтын қорғасыны бар, оның минималды тазалығы (көлемі бойынша) 99,75 %. Берілген зат RON 100 деп белгілену керек.

Ескертпе Заттардың сертификатталған стандартты үлгілері, мысалы, CRM IRMM-442 және NIST SRM 1816a сатылады.

5.5 **Гептанды бастапқы эталонды отын**, құрамында 0,10 %-ден аспайтын изооктан мен 0,5 мг/л-нан аспайтын қорғасыны бар, оның минималды тазалығы (көлемі бойынша) 99,75 %. Берілген зат 0 RON деп белгілену керек.

Ескертпе Заттардың сертификатталған стандартты үлгілері, мысалы, CRM IRMM-441 және NIST SRM 1815a сатылады.

5.6 80-октанды **бастапқы эталонды отынының қоспасы**, ол эталонды сортты отын (5.4) мен гептан (5.5) изооктанды қолдана отырып жасалған; берілген құрама көлем бойынша (80 ± 0,1) % изооктаннан құралу керек.

Ескертпе ASTM D 2699-01 a, A5 қосымшасы (эталонды отындарды араластыру кестесі) берілген RON мәндеріне сәйкес бастапқы эталонды құрамаларды жасауға қатысты ақпараттарды келтіреді.

5.7 **Тетраэтилқорғасын**, араластырылған (TEL араластырылған көлем негізінде), ол 70 % (көлемі бойынша) ксилолдан және 30 % (көлемі бойынша) гептаннан жасалған көмірсутекті еріткіште авиациялық қоспаның тетраэтилқорғасынды қосылыстың тұтануға қарсы ерітіндісінен құралған.

Тұтануға қарсы қоспа (18,23 % ± 0,05) % (салмағы бойынша) тетраэтил қорғасыннан құралу және оның 15,6 °С/15,6 °С температурадағы салыстырмалы тығыздығы 0,957-ден 0,967-ге дейін болу керек.

Ескертпе Тетроэтил қорғасыны жоқ қарапайым химиялық құрам мынадай болады:

Этилендибромид (күйеге қарсы қосым)	0,6 % (салмақ бойынша)
Еріткіш: салмақ бойынша	
ксилол	52,5 %
гептан	17,8 %
боғыш, антиоксидант және инертті газдар	0,87 %

5.8 100 RON-нан асатын номиналды сипаттамаларға арналған **бастапқы эталонды отынның құрамалары**, ол берілген миллиметрлік көлемінде, изооктанның 400 мл-да

(5.4) араластырылған тетраэтилқорғасынды (5.7) қоскандағы жолмен дайындалады. Осы құрамалар RON шкаласын 100-ден асатындай анықтайды.

Ескертпе ASTM D 2699-01 а стандарты, А5 қосымшасы (эталонды отындарды араластыру кестесі) изооктандағы тетраэтилқорғасынның құрамалары үшін RON шамасын келтіреді.

5.9 **Толуол (метилбензол)**, минималды тазалығы (көлемі бойынша) 99,5 % болатын эталонды отын сорты, ол тотық саны 5 мг/кг-нан аспайтын және құрамындағы 200 мг/кг-дан аспайтын суы бар, хроматографиялық талдау көмегімен анықталған.

Антиоксидантпен өңдеу көп мерзімді тұрақтылыққа сәйкес және антиоксидантты затты жеткізушінің көмегімен эмпириялық анықталған параметрлерде жеткізушімен енгізіледі.

5.10 **Бақылау отындары**, олар RON мүмкіндік бастапқы мәндері бар, төмен ұшпалы және жақсы көп мерзімді тұрақтылығы болатын жалынды от алдыруы бар қозғалтқыштар үшін типті фирма ішілік отындардан құралады.

6 Құралдар

6.1 Құрамадағы тәжірибелік қозғалтқыш, CFR F-1 октанды санды анықтау құралы, ол стандартта кратерден құралған бір цилиндрлі қозғалтқыштан тұрады. Қысудың айнымалы дәрежелі цилиндр – бекітілген төлкедегі түйіннен, көйлекте айналатын сұйықпен мұздатылатын термосифонды жүйеден, бір циклдерді канал арқылы отынды тасымалдау үшін арналған жүзгіш камерадан (селектордың көпжолды клапанды бірқатар жүзгіш камералар жүйесі кеңінен қолданылады) және карбюратордың диффузорынан, температура мен ылғалдануды реттеу үшін жабдықтамасы бар ауаны жинау жүйесінен, электр қалқаннан, және де сәйкес пайдаланылғандарды шығаратын құбырдан құралады.

Қозғалтқыш қайысты берілістің көмегімен қуатты сіңіретін әдейі арналған электромотормен байланыстырылады, ол қозғалтқышты іске қосу үшін арналған жетек пен жану болған кездегі (қозғалтқыштың от алдырумен жұмыс істегендегі режим) тұрақты жылдамдықтағы қуатты сіңіру құралы ретінде әсер етеді. Талаптары берілген стандартқа жауап беретін барлық сындарлы, сындарлы емес және балама жабдықтарға байланысты ASTM D 2699-01а стандартының А2 қосымшасын (қозғалтқыш жабдықтарының техникалық шарттары мен сипаты) қараңыз

6.2 Бақылау-өлшеу құралдары, оларға тұтануды өлшеуге арналған электронды құралдан, сонымен қатар, жану кезінде тұтану қарқындылығын көрсету мен өлшеу үшін арналған тұтану бергіші мен тұтану қарқындылығының бергіші, және де жалпы қабылданған термометрия, манометрлер мен әмбебап өлшегіштер кіреді. Осы стандартқа сәйкес келетін сындарлы, сындарлы емес және балама қозғалтқыштық жабдықтарға қатысты ASTM D 2699-01 а стандартының, А3 қосымшасын қараңыз.

6.3 Эталонды және стандартталған отындар үшін арналған дионизациялайтын жабдықтар, оларға сиымдылығы 200 мл-ден 500 мл-ге дейін және көлемге максималды шақтамасы ± 0,2 % болатын калибрленген өлшеуіргер немесе өлшем ыдыстары кіреді.

Бөліктелуі ISO 4787 стандартына сәйкес тексерілуі керек. Өлшеуіргер айдаушы клапандармен және дәл мөлшерленген көлемдерді жеткізуге арналған айдау ұштарымен бірге жинақталады. Осы ұш кесілген ұштың айдауы 0,5 мл-ден аспайтындай болатын өлшемдер мен конструкцияға ие болу керек. Мөлшерлейтін жүйенің айдау шамасы 400 мл/мин-нан аспауы қажет.

6.4 Тетреэтилқорғасынды (TEL) мөлшерлеу жабдықтары, оған калибрленген өлшеуір, жинақтағы тамшуыр немесе кез-келген басқа, сиымдылығы 4,0 мл-ден аспайтын және 400 мл изооктан топтамасында араластырылған TEL мөлшерлемесіне сындарлы бақыланатын шақтамасы бар, сұйықтықты жеткізу құралдары кіреді. Бөліктеу ISO 4787 стандартына сәйкес жүргізілу қажет.

Ескертпе ASTM D 2699-01а стандартының, Х1 қосымшасында (Эталонды отынды араластыру

әдістемелері мен құралдары) берілген стандартты қолдануға қатысты ақпарат келтірілген.

6.5 Техникалық қызмет көрсету мен жөндеуге арналған арнайы құрал, ол қозғалтқышқа және сынау жабдықтарына жеңіл, әрі тиімді техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді қамтамасыз ететін әдейі аспап пен өлшеу құралдарынан құралады.

Ескертпе Осы аспаптар мен құралдардың номенклатурасы мен сипаты жабдықтарды өндірушілерден және берілген стандартқа сәйкес инженерлік және пайдалануға қолдау көрсететін кәсіпорындардан алуға болады.

Өлшеу құралдары мен сынау жабдықтары салыстырып тексерілген және аттестатталған, өлшеу бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген және Қазақстан Республикасы аумағында қолдану үшін рұқсат етілген болуы керек. Өнімге сынауды өткізген кезде басқа өлшеу құралдары мен сынау жабдықтамасын қолдануға, егер олардың метрологиялық және техникалық сипаттамалары берілген стандартпен қарастырылғандарға қарағанда төмен болмаса, қолдануға рұқсат етілген.

7 Сынамаларды іріктеу және сынауға үлгілерді дайындау

7.1 Үлгілерді ISO 3170, ISO 3171 стандарттарына сәйкес алады.

7.2 Сынамаларды олар алынған контейнерде, осы контейнерді ашпас бұрын, 2 °С-ден 10 °С-ге дейін мұздатады.

7.3 Оларды қозғалтқыш карбюраторының жүзгіш камерасына құю алдында, отын сипаттамаларын өзгертуі мүмкін жарыққа мүмкіндік сезімталдығы үшін, үлгілерге жарық әсерін минимумға дейін қасқарту.

8 Қозғалтқыштар мен құралдардың негізгі реттемелері және пайдаланудың стандартты шарттары

8.1 Қозғалтқыш жабдықтары мен құралдарын құрастыру

Қозғалтқыштың октанды сипаттамаларын анықтау үшін оны RON (1 бөлімді қараңыз) сынау нәтижелеріне өлшенетін әсерін тигізуі мүмкін белгілі газдар мен булар әсер етпейтін жерге орналастырады.

Жабдықтар мен құралдардың құралуы қозғалтқыштың тоқтатылуын және барлық коммуналды қызметтердің қосылуын талап етеді. Инженерлік және техникалық қолдау осы қызметті жүзеге асыру үшін қажет, және қолданушы құрауға барлық жергілікті және ұлттық заң шығарушы қаулылар мен талаптардың қадағалануы үшін жауапты. Сынау қозғалтқышының дұрыс жұмысы қозғалтқыштың бірқатар құрамбірліктерін жинауды және оның, бекітілген талаптарға сәйкес, бірқатар айнымалы шамаларын реттеуді талап етеді. Осы реттемелердің кейбіреулері бөлшектерге НҚ-да бекітілген, басқасы қозғалтқышты жинақтау кезінде және күрделі жөндеуден кейін анықталады, ал үшіншілеріне – сынау кезінде оператормен бекітілетін және/немесе қадағаланатын қозғалтқыш жұмысына талаптар қажет.

8.2 Қозғалтқыш жылдамдығы

Қозғалтқыш жану режимінде жұмыс істеп жатқан кезде және номиналды сипаттаманы анықтау кезіндегі максималды ауытқуы 6 айн/мин болғанда, қозғалтқыш жылдамдығы 600 ± 6 айн/мин құрау қажет.

Жанып кету кезіндегі қозғалтқыш жылдамдығы моторлы жанып кетусіз жұмыс режимі кезіндегі қозғалтқыш жылдамдығынан 3 айн/мин-тан аспауы қажет.

8.3 Клапанды үйлестіру фазаларын белгілеу

Төрт тактілі циклді қозғалтқыш жанудың әр цикліне иінді біліктің екі айналымын қолданады. Екі сындарлы оқиға болып жоғарғы өлі нүктенің (t.d.c) қасында белгілі болған, яғни жіберу білігінің ашылуы мен шығару білігінің жабылуы болып табылды.

Жіберу клапанының ашылуы t.d.c кейін 10,0 ° ± 2,5 ° кезінде, төменгі екінші өлі нүктеге жеткеннен кейін (a.b.d.c.) 34 ° кезінде жабылатындай, иінді білік пен сермердің бір айналымында жүргізілу қажет. Пайдаланылғанды шығаратын клапанның ашылуы иінді білік пен сермердің екінші айналымында төменгі өлі нүктеге жеткенге дейін 40° кезінде, жабылуы иінді білік пен сермердің келесі айналымында 15,0 ° ± 2,5 ° a.t.d.c. кезінде белгілену қажет. Осы стандартқа жауап беретін иінді білікті синхронизациялау әдістемелеріне қатысты ASTM D 2699-01 а стандарты, А4 қосымшасын (Аспапты құрау мен реттеу бойынша нұсқаулар) қараңыз.

8.4 Клапанды көтеру

Өз пішіні бойынша өзгешеленетін жіберу мен шығару кезіндегі жұдырық шошақтың контуры негізгі ортадан шошақтың үстіңгі жағына дейін, клапанның нәтижелі көтерілуі 6,045 мм ± 0,050 мм (0,238 ± 0,002) дюйм құрайтындай етіп, 6,248 мм - 6,350 мм-ге (0,246 дюйм - 0,250 дюйм) көтерілу қажет. Осы стандартқа жауап беруі тиіс клапанның көтерілуін өлшеу әдістемелеріне қатысты ASTM D 2699-01а стандартын, А4 қосымшасын (аспапты құрастыру мен реттеу бойынша нұсқау) қараңыз.

8.5 Жіберу клапанының саптамасы

180°, саптама жіберілген отынды-ауалы қоспаны бағыттап, жану камерасында оның турбуленттігін арттырады. Клапан соташығының өзек клапан бағыттағышындағы айналуын болдырмау үшін онда лезбен ұштастырылады. Цилиндрдегі клапан құрастырымы өзек пен шток орталығы, күнқағар жану камерасының от алдыру шамына қарай бағытталатындай етіп орналасқанды талап етеді.

8.6 Қозғалтқыш айналымының бағыты

Иінді білік, оған қозғалтқыштың алдыңғы жағынан қарағанда, сағат тіліне бағытталып айналады.

8.7 Карбюратор диффузоры

Ортадағы барометрлік қысымға қарамастан, диффузор қылтасы 1,43 см-ді (9/16 дюйм) құрау қажет.

8.8 Клапан саңылаулары

Қыздырылмаған қозғалтқышпен жұмыс істеу алдында клапанның әрбір соташығы мен клапанды күйентенің жартылай сферасы арасына, қоздырылған жағдайда қолданылатын қозғалтқыш үшін бақылау саңылауын беретін, астыда келтірілген жуықталған өлшеулермен сәйкес, саңылауларды бекітеді:

жіберу клапаны	0,102 мм (0,004 дюйм);
шығару клапаны	0,356 мм (0,014 дюйм).

Осы саңылаулар екі клапанның қозғалтқышты қыздыру кезінде оның үйкелуін тудыратындай жеткілікті саңылауы бар екеніне кепілдік беруі керек. Ұзындығы бойынша реттелетін клапандарды итергіштердің соташықтары клапандардың күйентелерінің реттеу бұрамаларында нәтижелік саңылауды орнатуға мүмкіндік беретін барабар жолы болатындай етіп орнатылады. Жіберетін және шығаратын клапан үшін, бастапқы RON 90 эталонды отында тепе-теңдік режимінде жұмыс істейтін қозғалтқыш үшін стандартты пайдалану шарттарында өлшенген, қыздырылған қозғалтқыштағы саңылау (0,200 ± 0,025)мм (0,008 ± 0,001) дюйм құрауы қажет.

8.9 Май қысымы.

Май қысымы 172 кПа-дан 207 кПа-ға дейінгіні құрау қажет.

8.10 Май температурасы.

Май температурасы (57 ± 8) °С-ді құрау керек.

8.11 Цилиндр көйлегіне арналған мұздататын сұйықтық температурасы

Цилиндр қаптамасына арналған мұздататын сұйықтық температурасы 100,0°С ± 1,5°С-ді құрау қажет, бірақ ол номиналды сипаттаманы анықтау кезінде ± 0,5 °С-ден аса өзгермеу керек.

8.12 Жіберудегі ауа температурасы.

Стандартты барометрлік қысым 101,3 кПа (сынап бағанының 29,92 дюйм) кезінде өткізілген бағалау кезіндегі температураны (52 ± 1) °С-ге орналастырады. Басқа барометрлік қысым кезінде сорылатын ауаның температурасын, берілген басым болған қысым үшін, 1 кестеде келтірілген шамаға белгілейді. Егер толуол (TSF) негізіндегі стандарттауға арналған сәйкес отын қоспасының RON шамасы негізінде пайдалануға жарамдылық шарты ретінде қозғалтқышты бағалау үшін сорылатын ауаның температурасы қолданылса, таңдалған температура асып түсетін барометрлік қысымға арналған 1 кестеде берілген ± 22 °С температураның шегінде орналасуы керек. Сорылатын ауаның температурасы реттелгенде, TSF қоспасына сәйкес RON қатысты таңдалған температура, белгіленген TSF қоспасы үшін сәйкес RON ауқымындағы барлық параметрлеріне арналған берілген жұмыс режимі кезінде қолдану керек. Кез-келген бағалау барысында (реттеу кезінде немесе реттеусіз) сорылатын ауа температурасының өзгеруі 1 °С-ден аспауы керек.

1 Кесте – Басым болатын барометрлік қысымдар үшін сорылатын ауа температурасы

Басым болатын барометрлік қысым, кПа, (сынап бағанының дюймы)	Сорылатын ауаның стандартты температурасы, °С
104,6 (30,9)	59,4
101,3 (29,92)	52,0
98,2 (29,0)	43,9
94,8 (28,0)	36,1
91,4 (27,0)	27,8
88,0 (26,0)	19,4
86,3 (25,5) және одан төмен	15,6

8.13 Кірістегі ауаның ылғалдылығы

Ауадағы су құрамы құрғақ ауаның килограммына 0,003 56 кг 0,007 12 кг арасында орналасу қажет.

8.14 Цилиндр қаптамасына арналған мұздату сұйықтығының деңгейі.

Жұмыс үстіндегі және қыздырылған қозғалтқышқа арналған мұздату сұйықтығының деңгейі мұздату сұйықтығының конденсаторында «LEVEL HOT» белгісінің ± 10 мм шегінде орналасу қажет.

Ескертпе Қыздырылмай пайдаланған қозғалтқышта конденсатордың қарау айнасының түбінен эрең көрінетін деңгейге дейін цилиндр мен конденсатордың мұздататын қаптамасына қосылған өңделген мұздату агенті, қыздырылған режимде жұмыс істейтін қозғалтқыштың бақыланатын дейгейін қамтамасыз етеді.

8.15 Қозғалтқыш кратеріндегі майлау майының деңгейі.

Қыздырылған жағдайда жұмыс істеп жатқан қозғалтқыш кратерінде майдың бақыланатын деңгейі кратердің қарау айнасының жуықтып орта жағдайында орналасуы керек.

Ескертпе Қыздырылмаған және пайдаланудағы қозғалтқышқа, қарау айнасының жуықтай жоғарғы бөлігінде орналасатындай, кратеріне құйылған май, берілген шартты қанағаттандырады.

8.16 Кратердің ішкі қысымы

Ішкі қысым 0-ден (вакуум) төмен және ток жүруін азайту үшін демпфер тесігі арқылы кратер ішіндегі тесікпен қосылған манометрмен немесе дөрекі өлшеу құралымен өлшенген атмосфералық қысымнан судың 25 мм-ден 150 мм-ге дейін төмен болу керек. Вакуум судың 255 мм-нен аспауы керек.

8.17 Пайдаланылған газды шығарудың қысымға қарсылығы

Статикалық қысым мүмкіндігінше кішкентай болу қажет, бірақ вакуум жасамай және ток жүруін азайту үшін демпфер тесігі арқылы басты шығару құбырымен немесе

дөрекі өлшеу құралымен өлшенген асатын атмосфералық қысымға қосымша судың деңгей айырмасының 255 мм-нен аспауы керек.

8.18 Кратер мен пайдаланылғанды шығарудың сапун жүйесінің резонансы

Кратер мен пайдаланылғанды шығарудың сапунның құбырлы өткізгіштер жүйесі газды резонанстың пайда болуын болдырмайтын көлем мен ұзындыққа ие болуы керек.

Ескертпе ASTM D 2699-01a стандарты, X2 қосымшасы (Жұмыстық әдістер – айнымалы шамалардың реттелуі) берілген стандартты қолдану барысында резонанстың болуын анықтау сүйкес әдістемесін қарастырады..

8.19 Белдік керуі.

Сермер қуатты сіңіру моторымен қосатын қайыстар бастапқы жұмыстан кейін, қозғалтқыштың тоқталуынан кейін, сермер мен мотор шкиві арасына бір белдікке ілінген 2,25 кг масса қайысты жуықтай 12,5 мм иілетіндей кереді.

8.20 Тербелетін тетік тірегінің негізді элементінің негізгі нұсқауы.

Әрбір негізді элемент цилиндрге, оның шанышқысының астыңғы жағы мен цилиндрдің жоғарғы бөлігі арасындағы кеңістік 31 мм-ді (дюймнің1 7/32) құрайтындай, бұрғылап енгізеді.

8.21 Тербелетін тетіктің негізгі нұсқауы.

Цилиндр мен бекіткіш төлке арасындағы кеңістік жуықтай 16 мм-ді (дюймнің 5/8) құрса, тербелетін тетіктердің тіректері көлбеу жағдайда орналасуы қажет.

8.22 Тербелетін тетік пен итергіштің соташық ұзындығының негізгі нұсқаулары.

Қысу тактінде иінді білік пен сермер t°.c. орналасса және тербелетін тетіктің тіректері қажетті ретпен түзетілсе, тербелетін тетіктердің реттеу бұрандаларын жүрістің орта қалпына келтіреді және итергіш соташықтардың ұзындығын, олар көлбеу орналасатындай етіп, реттейді.

8.23 От алдырудың негізгі нұсқауы.

От алдырудың негізгі нұсқауы, цилиндр биіктігіне қарамастан, 13 ° b.t.d.c. құрауы қажет.

8.24 Ротор қалағының саңылауына қатысты от алдыру үйлестіргішіндегі түрлендіргіштің негізгі нұсқауы.

Ротор қалағының саңылауына қатысты от алдыру үйлестіргішіндегі түрлендіргіштің негізгі нұсқауы 0,08 мм-ден 0,13 мм-ге дейінгіні (0,003-0,005 дюйм) құрауы қажет.

8.25 От алдыруды үйлестіргішінің басқару тартымының негізгі нұсқауы.

Берілген механизмді өшіреді, егер ол қозғалтқышта болса.

8.26 От алдыру шамының саңылауы

От алдыру шамының саңылауы 0,51 мм ± 0,13 мм-ді (0,020 ± 0,005 дюйм) құрау қажет.

8.27 Цилиндр биіктігінің негізгі нұсқауы

Қозғалтқышты, оның мұқият қыздырылуын қамтамасыз ету үшін тұтанудың әдеттегі шарттары кезінде іске қосады. Қозғалтқышты өшіреді. От алдырудың өшірілгендігін және отынның жану камерасына өтпейтінін тексереді. Калибрленген сығымдағышты манометрді цилиндрдегі тұтану бергішінің тесігіне орналастырады. Қозғалтқышты, жұмыстың моторлы режимі шартында, іске қосады және қосымша жұмыс атқартады. 1 суретте келтірілген ақпаратқа сәйкес таңдалған диффузор мен асатын барометрлік қысым үшін базалық қысу қысымын алу мақсатында цилиндр биіктігін реттейді. Цилиндр биіктігінің индикаторлы құралдарын келесі әдіспен бекітеді:

- цифрлық санауыштың көрсетуін (барометрлік қысымды өтемей) 930-ға;
- циферблатты сілтегіштің көрсетуін 0,352 дюймға.

Ескертпе 1. Циферблатты сілтегіштің көрсетуін ӨҚ бірлігіне ауыстыру керек емес; кіріспенің төртінші абзацын қараңыз. Осы стандартқа жарайтын, цилиндр биіктігін индексациялауды бөлшектік сипаттауға қатысты ASTM D 2699-01a стандартын, A4 қосымшасын (Аспапты құрау мен реттеу бойынша

нұсқаулар) қараңыз.

Ескертпе 2 – УИТ типті қондырғыда барлық құралдар көрсеткіштері ӨҚ жүйесінде жүргізіледі.

8.28 Жұмыстық құрама құрамбірліктерінің қатынасы

Барлық үлгі-отындар мен бастапқы эталонды отындарға қатысты қоспадағы жұмыстық қоспа құрамбірліктерінің қатынасы тұтанудың максималды қарқындылығына реттелуі қажет. Карбюратордың қарау әйнектері қоспадағы отын шоғырлануын индикациялау ретінде қолданғанда, тұтанудың максималды шарты қарау әйнегіндегі отын деңгейі 17,8 мм (0,7 дюйм) мен 45,2 мм (1,7 дюйм) арасында орналасқан кезде белгілі болады, шарт – карбюратордың көлбеу жиктерінің мұқият таңдалуына тәуелді.



Белгіленулер

X1 Барометрлік қысым, сынап бағанының дюймі.

X2 Барометрлік қысым, сынап бағанының мм.

Y1 Қысу қысымы, шаршы дюймге фунттағы артық қысым

Y2 Қысу қысымы, кПа

Ескерту Цилиндр биіктігінің негізгі бекітпесі:

сандық санауыш 930 циферблатты

сілтегіш 0,352

1 сурет — Цилиндр биіктігін бекітуге арналған қысудың фактілік қысымы[3]

8.29 Корбюраторды мұздату.

Қарау әйнектерінде немесе мөлдір отынды магистральдарда мерзімнен бұрын булану немесе қайнау байқалса, жинамадағы карбюратордың мұздату сұйықтығына арналған жылу алмастырғыштар арқылы мұздату сұйықтықты (5.2.) өткізеді.

8.30 Тұтанудың қарқындылық бергішінің көрсету шектемелері

Тұтанудың қарқындылық бергішінің шақтама ауқымы, октавты санды анықтауға әсерін тигізуі мүмкін сызықты емес сипаттамалардың пайда болуын болдырмау үшін, 20 бөлшектен 80 бөлшекке дейінгіні құрауы қажет.

8.31 Тұтануды өлшегіші мен уақыт тұрақтысын шашырату нұсқаулары

Тұтану өлшегішінің уақыт тұрақтысы мен шашырату нұсқауларын тұтанудың қарқындылық бергішінің көрсетулерінің қажетті тұрақтылығымен сәйкестей отырып

оңтайландырады.

Тұтануды өлшегішті реттеу үшін ASTM D 2699-01 a стандартының, A4 қосымшасында келтірілген әдістемені қолданады.

9 Қозғалтқыш жарамдылығын калибрлеу мен салыстырып тексеру

9.1 Жалпы ережелер

Қозғалтқышты пайдалануға енгізу құралдар мен жұмыс режимдері тепе-теңдікте және қозғалтқыш пен құралдардың негізгі техникалық мәліметтерге сәйкес болған кезде жүзеге асады.

Ескертпе: Барлық сындарлы айнымалылардың тұрақтылығына қол жеткізу үшін қозғалтқышты қыздыруға әдетте 1 с қажет болады.

9.2 Қозғалтқыштың пайдалануға жарамдылығын анықтау

9.2.1 Қозғалтқыштың пайдалануға жарамдылығы RON әр ауқымы үшін толуол (TSF) негізінде стандартты отынды қоспаның көмегімен анықталуы қажет, онда үлгі-отынның үлгілері келесі әдіспен бағалануы қажет:

a) ең көп дегенде, жұмыс уақытының әрбір 12 сағат сайын;

b) қозғалтқыш өшірілгеннен кейін 2 с-қа;

c) қозғалтқыш тұтанусыз шарттарда жұмыс істегеннен кейін 2 с-қа;

d) отын эталонның сипаттамасына қолданылатын әрбір MON ауқымы үшін TSF қоспасын алдындағы анықтау кезінде басым болған қысымға қатысты, барометрлік қысымның өзгеруінен кейін 0,68кПа-ға (0,2 дюймға).

9.2.2 TSF қоспаларын бағалау үшін топтастыру әдістемесі (bracketing) TSF қоспасының қабылданған RON эталонды шамасы үшін стандартты тұтану қарқындылығының анықтамалық кестесіне сәйкес цилиндр биіктігін (барометриялық қысыммен өтелген) қолдана отырып жүргізілуі қажет.

9.2.3 Тұтанудың стандартты қарқындылығы, RON TSF қоспасының қабылданған эталонды шамасының RON-на жақын, PRF қоспасын қолданумен анықталуы керек.

9.2.4 Карбюратордың мұздатылуы қолданылмау қажет.

9.3 87,3 RON - 100,0 RON ауқымында пайдалануға жарамдылық әдістемесі

9.3.1 Пайдалану барысында үлгі-отынның номиналды мәндері таңдалатын RON диапазоны (диапазондары) үшін 2 кестеде келтірілген TSF қоспасын (қоспаларын) таңдайды.

9.3.2 Асатын барометрлік қысымға негізделген сорылатын ауаның температурасын қолдана отырып, реттелмеген TSF қоспасының RON анықтайды. Егер TSF қоспасының номиналды сипаттамасы 2 кестеде келтірілген реттелмеген номиналды шақтама шегінде орналасса, және сорылатын ауа температурасының реттелуі, номинал TSF қоспасының қабылданған RON-ның эталонды мәнінен 0,1 RON құраған кезде, рұқсат етілгенмен, талап етілмесе, қозғалтқыш пайдалануға жарамды деп танылуы қажет.

Алдыңғы жұмыс режимінде қолданғандай, сорылатын ауа температурасын реттеуді қолдана отырып, жаңа жұмыс мерзімі үшін пайдалануға жарамдылыққа сынауды бастауға рұқсат етіледі, бірақ бұл кезде, төменде келтірілген екі шарт қанағаттанса, екі мерзімнің барометриялық қысымы кішкене өзгеруі мүмкіндігін ескеру қажет.

a) Соңғы мерзім барсында қозғалтқыштың стандартталуы пайдалануға жарамдылыққа сынау үшін сорылатын ауа температурасын реттеуді жүргізуді талап етті.

b) Пайдалануға жарамдылыққа сынаулар аралығында техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жүргізілмеген.

2-Кесте — TSF қоспасының RON, реттелмеген номиналды шақтамалар мен RON үлгілі-отынның қолдану диапазоны

TSF калибрленген қоспаның RON	Реттелмеген номиналды	TSF қоспасының құрамы % (көлем бойынша)			RON диапазоны үшін қолдану
		Толуол	Изооктан	Гептан	
89,3[a]	±0,3	70	0	30	87.1 -91,5
93,4[a,b]	±0,3	74	0	26	91,2-95,3
96,9[a,b]	±0,3	74	5	21	95,0-98,5
99,8[b]	±0,3	74	10	16	98,2-100,0

[1)] ASTM алмасу бойынша Ұлттық топпен 1986 ж. градуирленген қоспалар. Қосымша ақпарат алу үшін төменге келтірілген вебсайттар бойынша жолығыңыз:
gost.e-ecolog.ru 2004/bradlev
mar04.html?L+mvstore+dhon637Q
httD://gost.e-ecolog.ru

[2)] TSD93 әлемдік бағдарлама бойынша градуирленген қоспалар. Ақпарат алу үшін төмендегі вебсайттарға жолығыңыз:
gost.e-ecolog.ru 2004/bradlev
mar04.html?L+mvstore+dhon6370
gost.e-ecolog.ru

9.3.3 TSF қоспасының параметрлері 2 кестеде келтірілген RON реттелмеген шақтамасынан шығатын реттелмеген қозғалтқышқа қатысты температураны, басым түсетін барометрлік қысым үшін бекітілген стандартты температурадан ± 22 °С шегінде орналасқан, сорылатын ауа температурасын қолдана отырып реттеуге болады. Егер TSF қоспасының номиналды сипаттамасы TSF қоспасының RON мүмкіндік эталонды мәнінің ± 0,1 RON шегінде орналаса, қозғалтқыш пайдалануға жарамды деп танылуы керек. Берілген шарт осы TSF қоспасына арналған қолданылатын RON ауқымында егер оны осылай анықтауға болмаса, эталонды отынды жіктеу үшін қолданылмау керек,. Берілген TSF қоспасын анықтаудың мүмкін еместігінің себебін тауып, жою қажет.

9.4 87,3 RON төмен және 100,0 RON артық диапазонда пайдалануға жарамдылықты анықтау әдістемесі

9.4.1 3-кестеде келтірілген, үлгі-отынның номиналды сипаттамалары пайдалану арасында анықталатын, RON диапазоны (диапазондары) үшін TSF қоспасын (қоспаларын) таңдайды.

9.4.2 Басым түсетін барометрлік қысымға негізделген сорылатын ауаның стандартты температурасын қолдана отырып, TSF қоспасының RON анықтайды. Қозғалтқыш тек 3-кестеде келтірілген берілген TSF қоспасына арналған номиналды шақтама шегінде орналаса ғана пайдалануға жарамды деп анықталады. Сорылатын ауаның температурасын реттеу осы RON бағаларының диапазондар үшін рұқсат етілмеген. Егер TSF қоспасының RON 3 кестеде келтірілген номиналды шақтамадан тыс орналаса, анықтау мен түзету мақсатында мұқият зерттеуді өткізеді. Бөлек қозғалтқыштарды TSF қоспаларының белгілі RON деңгейлері үшін номиналды шақтамадан тыс жіктеледі, және бақылау жазбаларының бар болуы осы қозғалтқыштың әдеттегі пайдалану сипаттамаларын көрсетуде көмек беруі мүмкін, деп жорамалдауға болады. Жоғарыда келтірілген салыстырып тексеру берілген УИТ құрылғысының жыл сайынғы аттестациядан өтпеуіне мүмкіндік береді.

3-Кесте — TSF қоспасының RON, номиналды шақтамалар мен RON[a] үлгілі отындарды 87,3 RON немесе 100,0 RON қолдану ауқымы

TSF эталонды қоспаның RON[1)]	Реттелмеген бағалауға арналған шақтамалар	TSF қоспасының құрамы % (көлемі бойынша)			Үлгі отындардың қолданылатын RON диапазоны
		Толуол	Изооктан	Гептан	
65,1	±0,6	50	0	50.	70,3 төмен
